

6D010900-«Математика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Стохастикалық-ойын жаттығулары жүйесі арқылы студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастыру әдістемесі» тақырыбында Ахметов Жалғас Ундрусұлының диссертациялық жұмысына

АНДАТПА

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі қоғам мамандардан терең кәсіби білімді ғана емес, сонымен қатар тез өзгертін әлем жағдайында бейімделу қабілетін, сыни ойлауды және стандартты емес шешімдер қабылдау қабілетін талап етеді. Оқытудың дәстүрлі әдістері әрдайым осы қажеттіліктерді қанағаттандыра бермейді, бұл білім беру процесіне инновациялық тәсілдерді енгізу қажеттілігін көрсетеді.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Республикалық педагогтар съезінде (2023 жылғы 5 қазан) уақыт талаптарына сәйкес келетін дағдыларды дамытуға баса назар аудара отырып, келешек ұрпақты болашақ сынақтарға дайындау қажеттігін атап өтті. Ол «ғалымдардың болжауынша, 2050 жылға қарай қазіргі кәсіптердің жартысына жуығы цифрлық және техникалық жүйелермен ауыстырылады». Осыған байланысты азаматтар жаңа уақыт жағдайында қажетті дағдыларды игеруі керек және әр адам үнемі білім алуы керек.

Қазақстандағы «Педагог» кәсіби стандарты қазіргі заманғы оқытушы иеленуі тиіс негізгі құзыреттерді, сондай-ақ оның қызметіне қойылатын негізгі талаптарды айқындайды.

Біріншіден, кәсіби стандарт педагогтерде әдістемелік және цифрлық құзыреттіліктерді қалыптастыру қажеттілігіне назар аударады, бұл инновациялық білім беру технологияларын енгізумен тікелей байланысты. Бұл технологиялар нақты кәсіби жағдайларды модельдеуге, студенттердің педагогикалық шеберлігін, сыни ойлауын, өзгермелі жағдайларда өз бетінше шешім қабылдау және бейімделу қабілетін дамытуға мүмкіндік беруі керек.

Екіншіден, стандарт студенттердің кәсіби бағытын қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді. Стандартқа сәйкес, мұғалім білімді игертіп қана қоймай, студенттерді саналы түрде мамандық таңдауға, педагогикалық қызметке тұрақты қызығушылықты қалыптастыруға ынталандыруы керек. Сонымен қатар, стандарт мұғалімдердің тиімді оқытуды қамтамасыз ететін заманауи білім беру технологиялары мен тәсілдерін қолдану қабілетін дамыту қажеттілігіне баса назар аударады.

Қазақстанда оқыту сапасын арттыруға, құзыреттілік тәсілді енгізуге және оқыту әдістерін жаңғыртуға бағытталған ауқымды білім беру реформалары іске асырылуда. Реформалардың негізгі бағыттарының бірі педагогтердің біліктілігін арттыру және олардың дайындығын жетілдіру болып табылады. Инновациялық әдістерді енгізу болашақ мұғалімдердің заманауи талаптарға бейімделу, интерактивті технологияларды қолдану және

білім алушылардың бойында қажетті дағдыларды қалыптастыру қабілетін дамытуға ықпал етеді.

ҰБТ түлектердің білім деңгейін бағалайтын және олардың кәсіби жолды одан әрі таңдауына әсер ететін Қазақстанның білім беру жүйесінің маңызды элементі болып табылады. Соңғы жылдары тестілеу логикалық ойлау мен қолданбалы білімге баса назар аудара отырып, жаңартылуда. Сонымен қатар, ҰБТ-ны сәтті тапсыру үшін түлектерден теориялық дайындықты ғана емес, сонымен қатар ойын және проблемалық-бағдарланған оқыту әдістерінің арқасында қол жеткізуге болатын дамыған стратегиялық ойлау дағдыларын талап етеді.

Қазақстанда педагогтерді аттестаттау жүргізілуде, ол пәнді және оқыту әдістемесін білуге тестілеуді, сондай-ақ кәсіби құзыреттіліктерді бағалауды қамтиды. Мұндай жүйені енгізу білім беру сапасын арттыру қажеттілігімен байланысты және мұғалімдерден кәсіби дағдыларды үнемі дамытуды және жетілдіруді талап етеді. Мұндай әдістерді мұғалімдерді даярлау және қайта даярлау жүйесіне енгізу оларды заманауи талаптарға бейімдеуге және олардың кәсіби даярлық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Болашақ математика мұғалімін сапалы әдістемелік даярлау және педагогикалық университетте заманауи талаптарды ескере отырып, математикалық пәндерді оқыту оқушылардың математикалық даярлығының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін негіз болып табылады, бұл кейіннен ЖОО студенттерін табысты оқытуды және өз салаларында құзыретті мамандарды қалыптастырады.

Тұлғаның кәсіби қалыптасу мәселелері А.Н. Леонтьев, Л.С. Выготский, Е.А. Климов, С.Л. Рубинштейн, С. Ж. Мадиев, Г. К. Нургалиева, А.Е. Абылкасымова, А. Б. Сулейменова, М. Т. Тажибаева, Б.Д. Сыдыков, А.М. Мубараков, Р.И. Кадирбаева және т.б. сияқты ғалымдардың еңбектерінде кеңінен зерттелген, олардың еңбектері кәсіби өзін-өзі анықтаудың мотивациялық тетіктерін, еңбек қызметі процесінде жеке тұлғаны дамытуды және білім беру ортасының мамандық таңдауға әсерін зерттеуге арналған.

Кәсіби дайындықты зерттеуге маңызды үлес Г.П. Щедровицкий ұсынған іскерлік ойындар тұжырымдамасы болып табылады. Ол студенттердің кәсіби қалыптасуы нақты өндірістік жағдайларды модельдеу процесінде жүреді деп тұжырымдады. Бұл идеялардың одан әрі дамуы кәсіби ойлауды қалыптастырудың танымдық процестері мен әдістерін зерттеген С.Б. Малых, Т.Н. Тихомирова, Ю.В. Ковас, А.А. Кузьмина және т. б. еңбектерінде байқалады.

Ойын технологиялары кәсіби құзыреттілікті дамыту құралы ретінде қарастырған ғалымдар: Н.А. Шаманов, Т.Г. Ханов, А.С. Дорогин, Е.В. Соболев, Е.А. Кузнецова және т.б. Олардың еңбектерінде стратегиялық ойлауды, талдау дағдыларын және күрделі кәсіби жағдайларға бейімделу қабілетін дамытуға ықпал ететін проблемалық оқыту, іскерлік, рөлдік ойындар сияқты белсенді оқыту әдістерінің маңыздылығы зерттелген.

Оқытуда стохастикалық әдістер мен ықтималдықтар теориясын қолдануды келесі ғалымдар: А.Н. Колмогоров, П.С. Лаплас, О.А. Мешкова,

Е.С. Кочетова, С.В. Левчук, О.А. Дорожкина, Б.Ж. Нурбеков, Г.М. Асанбаева және т.б. қарастырған. Мұнда белгісіз жағдайларды модельдеу студенттерге тәуекелдерді талдау қабілетін дамытып, оқиғаларды болжау және көп нұсқалы жағдайларда негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беретіні зерттеліп дәлелдеген.

Д.В. Солопченко, И.А. Страх, К.А. Ковалева, Е.В. Лушникова, А.В. Емельянова еңбектерінде шешім қабылдау дағдыларын үйрету үшін кездейсоқтық элементтері қолданылатын ситуациялық модельдеу әдістері қарастырылған. Бұл Н.В.Смирнов ұсынған ықтималдық оқыту концепциясына сәйкес келеді, ол студенттерді ықтималдық сценарийлері негізінде практикалық есептерді шешу арқылы белгісіздік жағдайында жұмыс істеуге дайындауды көздейді.

Отандық педагогикада студенттердің кәсіби бағдар мәселесі Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында зерттеледі. С.М. Сеитова, С.Ж. Мадиев, Г.К. Нургалиева, А.Б. Сулейменова, М.Т. Тажибаева, Р.И. Кадирбаева, А. Нугусова еңбектерінде кәсіптік бағдардың қалыптасуының психологиялық-педагогикалық шарттарын, білім беру ортасының ықпалын және кәсіби өзін-өзі анықтаудың гендерлік аспектілерін қарастырады.

Студенттердің кәсіптік бағдарын қалыптастыруға арналған стохастикалық-ойындық жаттығуларды қажеттілігін педагогика, психология, ықтималдықтар теориясы және білім беру технологиялары саласындағы іргелі еңбектерге негізделгенін әдебиеттерді талдау растайды. Г.П. Щедровицкий, А.А. Вербицкий, Н.В. Смирнов, В.Ф. Кабанцев, Л.М. Фридман, Й. Хейзинга, Д. Колба, Ж. Пиаже, А.Н. Колмогоров, В.И. Арнольд жұмыстары стохастика, ойын технологиялары мен цифрлық құралдардың үйлесімі белгісіздік жағдайында мамандарды дайындаудың тиімді әдісі болып табылатынын көрсетеді.

Өртүрлі дереккөздерді талдау келесі **қарама-қайшылықтарды** анықтады:

1. **Дидактикалық қарама-қайшылық.** Ықтималдықтар теориясы, статистика және ойын теориясы шеңберінде оқытылатын математикалық ұғымдардың абстрактілі сипаты мен оларды практикалық қолдану қажеттілігі арасында.

2. **Психологиялық-педагогикалық қайшылық.** Стохастикалық және ойын модельдерін қабылдаудың жоғары күрделілігі мен кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін оларды меңгеру қажеттілігі арасында.

3. **Әдістемелік қайшылық.** Математикалық пәндер (ықтималдықтар теориясы, математикалық статистика және ойын теориясы) негізінде студенттердің кәсіби бағдарын дамыту қажеттілігі мен оларды кәсіби бағытталған оқытуға біріктіру күрделілігі арасында.

Анықталған қарама-қайшылықтар ықтималдықтар теориясы, математикалық статистика және ойын теориясы бойынша жаттығулар жүйесі арқылы студенттердің кәсіби бағдарын тиімді қалыптастыруға ықпал ететін педагогикалық шарттарды, принциптер мен әдістерді анықтау және әзірлеуден

тұратын зерттеу мәселесін таңдаудың негізі болып табылады. Ол оқытудағы қолданыстағы тәсілдер (ықтималдықтар теориясын, математикалық статистика және ойын теориясын оқытудың дәстүрлі әдістері) арасындағы алшақтықты және студенттердің кәсіби бағдарын дамыту қажеттілігін көрсетеді.

Осы қарама-қайшылықтар мен зерттеулердегі олқылықтар **«Стохастикалық-ойын жаттығулары жүйесі арқылы студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастыру әдістемесі»** диссертация тақырыбын таңдауға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: Стохастикалық-ойын жаттығулары жүйесі арқылы студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастыруды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеу.

Зерттеу нысаны: білім алушылардың кәсіби бағдары қалыптасатын оқу процесі, сонымен қатар оны жетілдіруде қолданылатын әдістемелік тәсілдер.

Зерттеу пәні: студенттердің кәсіби дайындығына стохастикалық және ойын әдістерін кіріктіруге бағытталған әдістемелік тәсілдерді әзірлеу, негіздеу және енгізу.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер оқу процесіне стохастикалық-ойын жаттығулары енгізілсе, онда студенттердің кәсіби бағдарының қалыптасуын қамтамасыз ете аламыз, **өйткені**, ол студенттердің кәсіби дайындығының сапасын арттырады.

Зерттеудің мақсаты мен гипотезасы негізінде келесі **зерттеу міндеттері** қойылды:

- Стохастика мен ойын теориясын оқытуда студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастырудың негізгі мәселелерін анықтау.
- Стохастикалық-ойын жаттығулары жүйесі арқылы студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастыру әдістемесін дайындау және негіздеу.
- Оқыту процесінде стохастикалық- ойын жаттығуларын әзірлеу және қолдану бойынша мұғалімдерге ұсыныстар дайындау.
- Стохастикалық-ойын жаттығулары жүйесін енгізу бойынша педагогикалық эксперимент жүргізу және студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастыруға әсерін бағалау.

Зерттеудің негізгі идеясы студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастыру болып табылады, егер стохастика мен ойын теориясын оқыту процесі стохастикалық әдістерді болашақ кәсіби қызметпен біріктіретін жаттығулар жүйесіне негізделген болса, тиімдірек болады.

Мақсатқа жету және алға қойылған міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды:

- *Теориялық әдістер:* стохастика және ойын теориясы бойынша ғылыми әдебиеттерді талдау және жалпылау және оларды оқыту әдістемесі, студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастырудағы дәстүрлі және инновациялық тәсілдерді салыстырмалы талдау, стохастикалық ойын жаттығуларын қолданумен байланысты білім беру технологияларын жүйелік талдау.

- *Эмпирикалық әдістер*: мотивацияны, материалды меңгеру деңгейін және кәсіби бағыттылығын анықтау үшін педагогикалық эксперимент, сауалнама жүргізу және студенттер мен мұғалімдерді тестілеу, оқушылардың сабаққа қатысуы мен жаттығулардың тиімділігін талдау үшін оқу процесін бақылау.

- *Математикалық мәліметтерді өңдеу әдістері*: математикалық статистика әдістерін қолдана отырып, эксперимент нәтижелерін статистикалық өңдеу, сандық және сапалық көрсеткіштер негізінде студенттердің кәсіптік бағдарының динамикасын талдау.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі келесі бағыттардан қалыптасты:

Ықтималдық теориясы, математикалық статистика және ойын теориясы саласында: Ш.А.Калтаев, Е.О.Абильдин, Ж. Пиаже, Д. Колб, Дж. фон Нейман, А.Н. Темирбеков, Г.Рысбаева.

Педагогика және оқыту әдістемесі саласында: Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, А.К.Жунусова, Г.П. Щедровицкий, Б.К.Момынбаев, М.А.Сарыбеков.

Ойын және проблемалық оқыту әдістері саласында: К. Роджерс, Дж. Брунер, А.Е.Кабдешев, А.Д. Калимова, П.З. Ишанов.

Кәсіби білім беру және құзіреттілікке негізделген көзқарас саласында: Дж. Холланд, Д. Супер, Г.К. Нургалиева, С.Ж. Мадиев, А.Б. Сулейменова, М.Т. Тажибаева, С.М. Сеитова, Б.Д. Сыдыхов, А. Нугусова, А.Е. Абылкасымова.

Зерттеу көздері. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, «Педагог» кәсіптік стандарты, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы, білім саласына қатысты құжаттарды зерделеу, педагогика, психология және математика саласындағы отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми материалдары, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері және т.б.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мынада:

1. Ықтималдықтар теориясы, математикалық статистика және ойын теориясы бойынша жаттығулар жүйесі арқылы студенттердің кәсіби бағдарын дамыту әдістемесі, кәсіби тапсырмалармен стохастикалық әдістерді біріктіру, анықталып, ғылыми негізделді.

2. Стохастикалық-ойын әдістеріне негізделген жаттығулар жүйесі әзірленді, ол студенттердің ынтасын арттыруға және олардың болашақ кәсіби іс-әрекеті жағдайында аналитикалық ойлауын дамытуға көмектеседі.

3. Кәсіби бағыттылықты тиімді қалыптастыру үшін оқу үрдісінде стохастикалық-ойын жаттығуларын қолдану бойынша ұсыныстар дайындалды.

4. Жасалған әдістеменің тиімділігіне эксперименттік сынақ жүргізілді, оның студенттердің кәсіби бағдарын арттыруға және олардың нақты жағдайда математикалық әдістерді қолдана білуге ықпалы расталды.

Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы мынада: стохастикалық-ойын жаттығулары жүйесі арқылы студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастыру әдістемесі әзірленді және ғылыми негізделді, ол ықтималдықтар теориясын, математикалық статистиканы және ойын теориясын кәсіби бағдарланған оқытуға біріктіру әдістері туралы ғылыми түсінікті кеңейтеді, студенттердің аналитикалық ойлауын дамытуға және мотивациясына ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы жоғары оқу орындарының оқу процесінде енгізілген стохастикалық-ойын жаттығуларының әзірленген жүйесінде, сондай-ақ «Методические основы реализации профессиональной направленности обучения курса «Теория вероятностей и математическая статистика»», «Методическая модель реализации профессиональной направленности обучения курса «Теория вероятностей и математическая статистика» через систему упражнений», «Методика решения профессионально направленных задач по курсу «Теория вероятностей и математическая статистика»» оқу құралдарында .

Зерттеудің сенімділігі мен негізділігі мыналармен қамтамасыз етіледі:

1. Педагогика, ықтималдықтар теориясы, математикалық статистика және ойын теориясы саласындағы іргелі зерттеулерге негізделген теориялық база.

2. Әзірленген әдістеменің тиімділігін объективті бағалауға мүмкіндік беретін теориялық талдауды, педагогикалық экспериментті, сауалнаманы, деректерді бақылауды және статистикалық өңдеуді қамтитын ғылыми негізделген зерттеу әдістерін қолдану.

3. Дайындалған жаттығулар жүйесін нақты оқу процесінде эмпирикалық тексеру, оның студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастыруға әсерін растайды.

4. Педагогикалық эксперимент нәтижелерін статистикалық өңдеу, мәліметтерді талдаудың сандық және сапалық әдістеріне негізделген қорытындылардың сенімділігін қамтамасыз етеді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:

1. Студенттердің кәсіби бағдарын стохастикалық-ойындық жаттығулар жүйесі арқылы қалыптастыруға негізделінген тұжырымдар зерттеудің теориялық негізі болады.

2. Стохастикалық және ойын үлгілерін қамтитын жаттығулардың әзірленген жүйесі зерттеудің әдістемелік негізі бола алады.

3. Стохастикалық-ойын жаттығуларын оқу процесінде сәтті орындауды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар, педагогикалық білім берудің негізгі талаптарына жауап береді.

Зерттеу базасы: эксперименттік зерттеу Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мен Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Талдықорған қаласының «№ 12 Орта мектеп –гимназия» КММ және «Жас техниктер станциясы» КММ базасында жүргізілді.

Зерттеу төрт кезеңде жүргізілді:

Бірінші кезең (2016-2017, 2020-2021). Стохастикалық-ойын жаттығуларын қолдануға көзқарасын анықтау мақсатында педагоктарға (оқытушылар, магистранттар, докторанттар) сауалнама жүргізілді. Келесі кезекте мұғалімдер тестілеуден өтіп, студенттер мен оқушыларға тест тапсырылды, бұл студенттердің кәсіби бағдарының бастапқы деңгейін тіркеуге мүмкіндік берді.

Екінші кезең (2017-2018, 2021-2022 жж.). Бұл кезеңде оқушылардың кәсіптік бағдары мен ойын арқылы оқыту әдістеріне қатысты ғылыми әдебиеттерге талдау жасалды. Эксперименттік әдістеме мен стохастикалық - ойын жаттығуларының жүйесі жасалып, олардың тиімділігін бағалау критерийлері анықталды. Эксперимент жүргізілетін оқу орындары анықталды.

Үшінші кезең (2018-2019, 2022-2024 жж.). Эксперимент оқу процесінің табиғи жағдайында жоғары оқу орындарында (Жетісу университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті), №12 орта мектеп-гимназиясында және «Жас техниктер» станциясында жүргізілді. Бақылау тобында оқыту дәстүрлі әдістермен жүргізілсе, эксперименттік топта стохастикалық ойын жаттығулары қолданылды. Мектептер мен қосымша білім беру мекемелерінде есептер жинағы мен арнайы әзірленген жаттығулар жинағы қолданылды.

Төртінші кезең (2024 ж.). Студенттер мен оқушыларды қорытынды тестілеу, сонымен қатар мұғалімдер арасында қайталама сауалнама жүргізілді. Деректерді статистикалық өңдеу оқу үлгерімінің динамикасын талдауды, студенттердің белсенділігін және олардың кәсіби бағдарындағы өзгерістерді қамтыды. Эксперименттік топта стохастикалық-ойын жаттығуларының тиімділігін растайтын оң өзгерістер тіркелді. Эксперимент нәтижелері бойынша оларды оқу тәжірибесіне енгізу бойынша ұсыныстар әзірленді.

Алынған зерттеу нәтижелерінің тәжірибеге енгізілуі :

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің физика-математика кафедрасының, «№12 орта мектеп гимназиясы» КММ-нің, сондай-ақ Талдықорған қаласындағы «Жас техниктер станциясы» КММ-нің ғылыми-әдістемелік семинарларында тыңдалып, талқыланды.

Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім министрлігіне қарасты Жоғары және орта арнаулы, кәсіптік білім беруді дамыту орталығының «Жоғары білім берудің оқу-тәрбие үдерісінің стандарттары мен мәселелерін зерттеу зертханасында» ғылыми консультант, педагогика ғылымдарының докторы М.Тажиевтің жетекшілігімен 01.04.18 - 30.04.18 арасында тағылымдамадан өткенде баяндалды.

Алынған зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалды, халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жарияланды, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитеті анықтайтын рецензияланатын ғылыми жарияланымдар тізіміне енгізілген журналдарда, сондай-ақ оқу құралдарында ұсынылды.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде 3 және 4 курс студенттері арасында, сондай-ақ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде 3

курс студенттері арасында «Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика» пәнін оқыту кезінде, сонымен қатар, эксперимент элементтері №12 орта мектеп-гимназиясында факультативтік сабақтарда және ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика бөлімдерін өту кезінде, сондай-ақ «Жас техниктер» станциясының математика үйірмелерінде жүзеге асырылды.

Жарияланымдар. Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері мен ережелері әртүрлі ғылыми журналдар мен жинақтарда, конференция материалдарында, барлығы 26 жұмыста жарияланды, оның ішінде:

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті айқындайтын рецензияланатын ғылыми жарияланымдар тізіміне енгізілген журналдардағы мақалалар – 7;

– Scopus деректер базасына енгізілген халықаралық рецензияланған ғылыми журналдардағы мақалалар -2 ;

– ғылыми журналдардағы жарияланымдар – 5;

–халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарындағы мақалалар – 6;

– университеттің Ғылыми кеңесі ұсынған оқу құралы – 2;

– басқа оқу құралдары – 2;

–авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу туралы куәлік – 2.

Диссертацияның құрылымы.

Кіріспеде стохастикалық-ойын жаттығуларын пайдалана отырып, студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастыру қажеттілігіне баса назар аударылған зерттеудің өзектілігінің негіздемесі берілген. Зерттеудің мақсаты тұжырымдалып, зерттеу объектісі, пәні анықталды, зерттеудің ғылыми болжамы құрылды, негізгі мақсаттар айқындалып, ғылыми жаңалығы дәлелденді. Теориялық талдауды, әдістемені әзірлеуді, эксперименттік тексеруді және нәтижелерді өңдеуді қамтитын зерттеу кезеңдері сипатталды.

Бірінші тарауда студенттердің кәсіби бағдарының теориялық негіздері берілген. Мотивациялық-құндылық, когнитивтік, эмоционалды-еріктік, практикалық және интегративті компоненттерді қамтитын кәсіби бағдар құрылымы әзірленді. Студенттердің кәсіби бағдарының қалыптасу деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін критерийлер анықталды. Білім беру ортасында кәсіби бағдарды тиімді дамытуға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық шарттар тұжырымдалды. Педагогикада стохастикалық және ойын теориясы мәселелерін қолдану тәсілдері талданып, олардың оқушылардың ынтасын арттыру мен оқу процесіне қатысудағы рөлі ашылды.

Екінші тарауда стохастикалық - ойын жаттығулары негізінде студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастырудың әдістемелік аспектілері әзірленеді. Жаттығулар жүйесін құрудың теориялық негіздемесі мен негізгі принциптерін қамтитын әдістеменің тұжырымдамалық моделі ұсынылған. Жаттығулардың кіріктірілген жүйесін құрудың әдістемелік талаптары айқындалып, оларды таңдау критерийлері және оқу процесіне кіріктіру

әдістері тұжырымдалған. Білім беру ұйымдарында стохастикалық-ойын жаттығуларын орындау бойынша әдістемелік ұсыныстар тұжырымдалған, мұғалімдерге практикалық ұсыныстар мен білім берудің әртүрлі деңгейлеріне бейімдеу механизмдері ұсынылған.

Үшінші тарау әзірленген әдістемені эксперименттік тексеруге және оны оқу процесіне енгізуге арналған. Педагогикалық эксперименттің ұйымдастырылуы сипатталып, оның кезеңдері айқындалып, соның негізінде зерттеу жүргізілген оқу орындары сипатталады. Әзірленген әдістеменің тиімділігін бағалау критерийлері тұжырымдалған. Стохастикалық-ойын жаттығуларының студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастыруға әсерін растайтын эксперимент нәтижелеріне талдау жүргізілді. Әдістеменің оқу-тәрбие процесіне оң әсерін көрсететін өзгерістердің сандық және сапалық көрсеткіштері анықталды.

Қорытындыда зерттеудің түпкілікті қорытындылары келтіріліп, ұсынылған гипотеза негізделеді және оқу орындарында әдістемені одан әрі қолдану бойынша ұсыныстар тұжырымдалады.

Әдебиеттер тізімінде зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми жұмыстар, нормативтік құжаттар және жұмыс процесінде пайдаланылған басқа да материалдар берілген.

Қосымшада әзірленген әдістемені білім беру ұйымдарында енгізу актілері, сондай-ақ қосымша материалдар, соның ішінде сауалнамалар, жаттығулар үлгілері және статистикалық мәліметтер келтірілген.